

## **Маңғыстау облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2022 жылғы 6 маусымдағы № 83 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 14 маусымда № 28447 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағына сәйкес Маңғыстау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Маңғыстау облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. "Маңғыстау облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Маңғыстау облысының әкімі*

*Н. Нораев*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасы Ауыл  
Шаруашылығы министрлігі  
Ветеринариялық бақылау және  
қадағалау комитетінің Маңғыстау  
облыстық аумақтық инспекциясы"  
мемлекеттік мекемесі

Маңғыстау облысының әкімдігінің  
2022 жылғы 6 маусымдағы  
№ 83  
қаулысына қосымша

## **Маңғыстау облысы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізімі**

1. Маңғыстау облысы әкімдігінің "Маңғыстау облысы аумағын аймақтарға бөлу туралы" 2017 жылғы 10 шілдедегі № 176 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3408 болып тіркелген).

2. Маңғыстау облысы әкімдігінің "Маңғыстау облысы әкімдігінің 2017 жылғы 10 шілдедегі № 176 "Маңғыстау облысы аумағын аймақтарға бөлу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2018 жылғы 25 маусымдағы № 156 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3683 болып тіркелген).

3. Маңғыстау облысы әкімдігінің "Маңғыстау облысы әкімдігінің 2017 жылғы 10 шілдедегі № 176 "Маңғыстау облысы аумағын аймақтарға бөлу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2020 жылғы 30 қазандағы № 194 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4338 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК